



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңы. 1995 ж. 31 тамыз.
2. Ж. Бекболатұлы «Қазақстанның банк жүйесі», Алматы, 2013
3. Исаков «Банк ісі», Алматы, 2012
4. nationalbank.kz ресми сайтының мәліметтері

ОӘЖ 336.055

## ҚР ЕРКІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

**Жәкібай Айдана Лесбайқызы, Исаков Алиазиз Абдинұлы**

[isakov.ali.97@mail.ru](mailto:isakov.ali.97@mail.ru), [aidana.zhakibay@mail.ru](mailto:aidana.zhakibay@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В050900-«Қаржы» мамандығы, 4-курс студенттері, Астана қ.,  
Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі – Ж.М.Бұлақбай

Әлемдік экономикалық жүйені жаһандандыру жағдайында, сондай-ақ, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуына және ашық нарықтық экономиканың қалыптасуына байланысты шетелдік инвестиция объективті қажеттілікке айналып отыр. Нарықтық экономика жағдайында шетелдік инвестицияны тарту және пайдалану тек қаражаттың ғана емес, сонымен бірге шетелдік технологиялардың, басқару тәжірибесінің де ағылып келуін қамтамасыз етеді, нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуына, экономиканың жекеше секторының қалыптасуына серпін береді.

Қазақстан Республикасы үшін тікелей шетелдік инвестиция неғұрлым тиімді. Қолайлы бизнес-климат және саяси тұрақтылық Тікелей шетел инвестициялардың Қазақстанға көп мөлшерде құйылуына мүмкіндік туғызды, 2005 жылдан бері Қазақстанға 203 миллиард АҚШ долларынан астам сомаға тікелей шетел инвестициялары тартылды. Қазақстанның тікелей шетелдік инвесторлардың құрылымында біріккен және шетелдік кәсіпорындар басым. Қазақстан үшін басым салаларға сәйкес айрықша инвестициялық потенциалы бар 10 инвестор елдер: Нидерланд, АҚШ, Қытай, Швейцария, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Бельгия, Италия, Жапония.

Қазақстанда жұмыс істеп тұрған, АЭА аумақтарында 157 өндіріс жұмыс істейді және 76 жоба іске асырылу сатысында.

АЭА қатысушыларымен 2014 жылдан бастап 2016 жылға дейін 410,5 млрд. теңгеге инвестициялар жүзеге асырылды. 2014 жылы – 108,8 млрд. теңге, 2015 жылы – 198,6 млрд. теңге, 2016 жылы – инвестициялар көлемі 103,1 млрд. теңгені құрады [1].

### 1-кесте АЭА қатысушылары үшін преференциялар

№ р/с	Салықтар мен баждар	АЭА резиденттері
1	Корпоративтік табыс салығы	0 %
2	Мүлік салығы	0 %
3	Жер салығы	0 %
4	Жерді жалға алу төлемі	0 %
5	Қосымша құн салығы	0 %
6	Кедендік баж	0 %

Ескерту: кесте: [2] қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған.

АЭА жұмыс істеуінің негізгі проблемалары:

Біріншісі - АЭА-ларды реттеу және басқарудың тиімді болмауы. АЭА бойынша уәкілетті органға келер болсақ, бүгінгі күні АЭА-ларды басқару «әр қолда» шоғырланған. Дегенмен, «Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтары туралы» Заңында АЭА жөнінде бір ғана уәкілетті органның болуы көзделген, ол орган Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі уәкілетті органы болып табылады.

Екінші - АЭА аумақтарында қажетті инфрақұрылымның болмауы. Қолданыстағы АЭА туралы Заңға сәйкес АЭА құрылып жатқан жер учаскелері қажетті инженерлік инфрақұрылымдармен қамтамасыз етілуі қажет. Бірақ, қазіргі уақытта мемлекет аймақтарды инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржыландыру жүзеге асырылып жатқан жоқ.

Үшінші - салық салу. АЭА-ның негізгі идеясы мен тартымдылығы өз аумағында жеңілдетілген салық салуды ұсыну болып табылады. Осыған қарамастан, жаңа Салық кодексінің енгізілуіне байланысты ҚҚС бойынша салықтық жеңілдік алынып тасталды, ол өз кезегінде АЭА тартымдылықтарының төмендеуіне алып келді.

2 – кесте Қазақстандағы АЭА дамуының SWOT-талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Экономикалық және саяси тұрақтылықты қолдайтын елдің қолайлы бизнес-ахуалы 2. Елде бай табиғи және минералдық ресурстардың болуы. 3. Орталық Азияның және Ресейдің ірі тұтыну нарықтарына Қазақстанның тиімді географиялық орналасуы	1. Реттеу мен басқару тиімсіздігі 2. Инфрақұрылымға инвесторларды тарту 3. Аймақтардың жеке ерекшеліктерінің болмауы 4. Бюрократияландыру 5. Бюджеттік шығындардың төмен тиімділігі
Мүмкіндіктер	Қауіптер
1. Кеден одағының және басқа елдердің нарықтарына шығу 2. 2019 жылға қарай ҮИИДМБ-нің индикаторларына қол жеткізу	Тиімсіз мемлекеттік саясаттың нәтижесінде АЭА-ның инвестициялық тартымдылығының жоғалтып алуы.
Ескерту: кесте [3] қолданылған әдебиет негізінде құрастырылған.	

Әлсіз жақтары: 1. Қазіргі уақытта қазақстандық АЭА-ның инвестициялық тартымдылығы жеткілікті жоғары емес, өйткені олардың жұмыс істеуі инвесторлардың нақты қажеттілігі мен мүдделеріне бағытталмаған.

2. АЭА қызметін жүзеге асыру кезінде АЭА дирекциялары мен уәкілетті ұйымдары арасындағы келісулердің үлкен саны байқалады. АЭА аумағында өндірісті ашу үшін инвесторларға оларды АЭА қатысушысы ретінде бекітуді 1 жылдан астам күтеді.

3. АЭА құру және құрылысын аяқтау үшін бюджеттік қаржыландыру баяу бөлінеді. Сондай-ақ, құру кезінде бюджеттік шығындардың төмен нәтижелігі байқалады.

Күшті жақтары:

1. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында елдің бизнес-ахуалын ұстау байқалады - кәсіпкерлікті дамытуға үлкен назар аударылады. Жалпы экономиканы дамыту үшін кәсіпкерлік субъектілерді қорғау және қолдау үшін белгілі жеңілдіктерді заңнамалық жолмен белгілейтін реформалар жүргізіледі. Бірақ, қолданатын шаралар өнеркәсіптік және өңірлік саясатты дамыту үшін жеткіліксіз. Қазақстан Республикасында жүргізілетін реформалар сәттілігі Қазақстанда негізінен бүгінгі күні әлі соңына дейін қалыптаспаған өнеркәсіптік және өңірлік саясаттың басым бағыттарын білгірлікпен іздестіруге және табуға байланысты. Осы жағдайда, экономиканы трансформациялау жолында белсенді қадамдардың бірі еркін экономикалық аймақтардың ұлттық жүйесін ұйымдастыру болуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасында бай табиғи және минералдық ресурстардың болуы нарықтық экономиканың бүгінгі құрылуы және дамуының аяқталу шарттарында оның

өнімділігін арттыруға және бұл негізде қоғамның көп түрлі тұтынушылығын жақсы қанағаттандыруға ықпалдасатын еңбекті қоғамдық-аумақтық бөлуі негізінде жүзеге асыратын аудандандырудың экономикалық қағидаттарында шешуші рөлді атқарады. Табиғи ресурстардың әртарапты әлеуеті қазақстандық экономиканың аумақтық құрылымын дамытудың және қалыптасуының басты факторларының бірі болып табылады. Сондықтан, олардың табиғи-ресурстық әлеуетінің ерекшеліктерімен байланысты өңірлерді салалық мамандандыру АЭА-ның дамуына алғышарттарды береді.

3. Қазақстан Республикасының стратегиялық әріптестердің тұтынушы нарықтары арасында тиімді орналасуы көпжақты халықаралық экономикалық жобаларға қатысуға мүмкіндік береді, бұл өңірлік ықпалдасуға ықпал етеді. Осындай қолайлы жағдайларда республиканың экономикалық әлеуетін ұлғайту үшін АЭА-ны дамыту аса маңызды.

Қауіптер:

Тиімділігі аз мемлекеттік саясат нәтижесінде инвестициялық тартымдылықты жоюға әсер ететін, мынадай факторлар туындауы мүмкін: АЭА-ны тиімді емес басқару, АЭА резиденттері үшін салықтық заңнаманың тұрақсыздығы, бюрократияландыру, барлық АЭА-ны басқару құрылымын тұрақты өзгеруі, АЭА дирекциясы мен уәкілетті ұйымдары арасындағы келісімдердің үлкен саны, бюджеттік қаржыландыруды баяу бөлу.

Мүмкіндіктер:

1. Қазақстан Республикасының кеден одағының құрамына кіруі нәтижесінде құрылатын АЭА қатысушылары үшін өндірістік өнімді тұтынудың жаңа нарығын шығаруға жол ашады.

2. Ұсынылатын шаралар инвесторларды тартуға және ҮИИДМБ-нің индикаторларына қол жеткізуге мүмкіндік береді, атап айтқанда: АЭА аумағындағы өндірістегі инвестиция көлемі 1 трлн. 588 млрд. теңгені құрайды; АЭА қатысушыларының саны 160-қа дейін ұлғаяды. Осылайша, инвестицияларды тартуды, АЭА-ны дамытуды және қазақстандық экспортты ынталандыруды SWOT-талдау келтірілген әлсіз жақтарды есепке алмау инвестицияларды тартуда, АЭА-ны дамытуда және экспортты ынталандыруда одан әрі келтірілген қауіптерді іске асыруға алып келетіндігін көрсетеді. Сонымен қатар, қазақстандық өнімді экспорттау кезінде бар күшті жақтарды пайдалану осы кестеде келтірілген сол мүмкіндіктерді іске асыруға алып келуі мүмкін.

Қазіргі уақытта, қазақстандық АЭА аумағында салықтық (корпоративтік табыс салығын, жер салығы мен мүлік салығын төлеуден 100% босату) жеңілдіктер көзделген [3].

Бұл ретте, инвесторларда іс жүзінде жер салығы бойынша жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігі жоқ. Өйткені қолданыстағы заңнамаға сәйкес жер салығын төлеуді оның меншік иелері жүзеге асырады. Алайда, «АЭА туралы» Заңға сәйкес АЭА жұмыс істеген кезеңде жер учаскелері сатуға және басқалай иеліктен шығаруға жатпайды, ал уақытша өтеусіз жер пайдалануға (жалға беру) беріледі. Бұл ретте, жер учаскелерін пайдалануға бергені үшін АЭА қатысушыларын пайдаланғаны үшін төлем төлеуге міндетті, себебі жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемді енгізуден босату заңнамада көзделмеген.

Мемлекет қолданатын арнайы экономикалық аймақты басқару механизмінің басты элементтерінің бірі, шаралардың универсалды жиынтығы, олар мынадай топтарға біріктіріледі:

1. Сыртқы сауда жеңілдіктері ерекше кедендік-тарифтік тәртіпті, сыртқы сауда операцияларына салық салудың жеңілдіктерін және оларды жүзеге асырудың қысқартылған тәртібін енгізуді, сондай-ақ, ерекше валюталық тәртіпті жасау, атап айтсақ – валюталық бақылауды барынша төмендету, пайданы еркін іске асыру мүмкіндіктерін беруді қарастырады.

2. Фискалдық шаралар кәсіпкерлердің іс-әрекеттерінің нақты түрлерін салықтық ынталандыруға байланысты нормаларды қамтиды. Жеңілдіктер түрлі салықтардың (пайда немесе табыс, мүлік құны, т.б.) салықтық базаларына, салықтың (амортизациялық жарналарын, ғылыми зерттеу тәжірибелік конструкторлық жұмыстарға кеткен шығындар, еңбек жалақысы және т.б.) әр түрлі түрлерінің салықтық базасының жекелеген

компоненттеріне, салық мөлшері деңгейіне, салық салудан тұрақты немесе уақытша босатылған мәселелерге қатысты болуы мүмкін.

3. Қаржылай шаралар коммуналдық қызметтерге төмен баға қою жүйесі арқылы, жер учаскелерін және өндірістік ғимараттарды пайдаланғаны үшін арендалық ақыны төмендету арқылы, сондай-ақ жеңілдетілген мемлекеттік несиелері арқылы көрсетілетін жәрдем ақшалардың түрлі формаларын қамтиды.

4. Әкімшілік шаралар инвесторларға инфрақұрылымдар құралдарын пайдалану, кәсіпорындарды тіркеу рәсімдерін және шетелдік азаматтардың кіру-шығу тәртібін қысқартуды, сондай-ақ бизнеске ықпал ететін түрлі қызмет көрсетуді, мысалы, нарық конъюктурасы бойынша оперативті ақпарат беру, бизнес-жоспарды дайындау және т.б. сияқты құқықтар береді.

5. Әлеуметтік сипаттағы шаралар, еңбекпен қамту, кәсіби дайындық, тұрғын үй құрылысы, экология және т.б. бағдарламаларын жүзеге асыруды қарастырады[2].

Арнайы экономикалық аймақты оперативті басқарудың оңтайлы нұсқауы арнайы экономикалық аймақты дамыту компаниясын қалыптастыру болып табылады, оның құрамында бақылау немесе одақтасу акциялар пакеті бар, мемлекеттік ұйымдар, заңды және жеке тұлғалар, өнеркәсіптік кәсіпорындар, қызмет көрсету саласындағы мекемелері, қаржы институттары, сақтандыру қоғамдары, кеме жүзу компаниялары, авиакомпаниялар, сауда-өнеркәсіптік палаталар және т.б. болуы мүмкін. Бұл нұсқаның бірқатар артықшылықтары бар, атап айтсақ:

- мемлекеттік мүдделер жеке инвесторлар мүдделерімен үйлеседі (оның ішінде шетелдік);

- өмір сүріп жатқан мемлекеттік атқарушы билік органдарымен қатар әрекет ететін жаңа әкімшілік бюрократиялық құрылымдарды құруды қажет етпейді;

- арнайы экономикалық аймақты басқаратын акционерлік қоғам өз шығынын өзі өтейтін және соған орай бюджеттік қаржыландыруды қажет етпейтін ұстанымдарда жұмыс істейді;

- басқарудың бұл формасы арнайы экономикалық аймақты басқару органы ретінде акционерлік қоғамның инвесторлармен екі жақтың өз міндеттері бойынша жауапкершілігімен келісім-шарттық негізде қарым-қатынас құруға мүмкіндік береді. Аймақты дамыту бағдарламаларын орындау жолындағы осы жауапкершілікте нарық субъектілерінің өзінің экономикалық және істегі табысқа жетелейтін екі жақты мүдделер жатыр.

Қытайлық тәжірибе көрсеткеніндей, арнайы экономикалық аймақтың қалыптасу шаралары бойынша оператор-компанияның даму рөлі өсе түседі. Ол күрделі құрылыстың жалпы басшылығы жүктелген, қытайлық және шетелдік серіктестер арасындағы келіссөздерді үйлестіретін шаруашылық іс-әрекеттің ұйымдастырушы орталығы болып табылады. Аталмыш компанияның, ережедегідей, шетелдік өкілдіктері бар, мәселен, инвесторларды тарту жөніндегі жұмыстарды жүргізетін Гонконг пен Макаоде. Аймақ басшылығы дүниежүзілік және ішкі несиелік нарықтарда қаржыны шеттен алып пайдалану, өз міндеттемелеріне өздері жауап беретін шарт бойынша Орталық лимиттері шеңберінде шетелдерде облигацияларды үлестіру мәселелерінде өз бетінше жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы заң жобасында оператор компаниясы туралы қарастырылған.

Оператор компания – арнайы экономикалық аймақ қатысушыларын тарту, қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін оларды инфрақұрылымдық ресурстармен және өзге де жағдайлармен тиімді қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган айқындатын заңды тұлға.

Арнайы экономикалық аймақтың оператор компаниясы конкурстық негізде арнайы экономикалық аймақтың басқару органымен анықталатын заңды тұлға. Өз аймағы шеңберінде жобалармен толтыру іс-әрекет жүргізеді, жобаларды іске асыру үшін инфрақұрылымды және басқа да қажетті шарттар жасайды.

Оператор компанияның құзыретіне:



1) арнайы экономикалық аймақтың қызметіне қатысу үшін арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушыларын тарту;

2) жеке және заңды тұлғаларды арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызмет жүргізуге жіберу жөнінде арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігіне ұсыныстар енгізу;

3) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу рәсімдерін жедел жүргізу, арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті рұқсат беретін құжаттарды алу мақсатында мемлекеттік органдармен қатынастарда арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының мүдделерін білдіру;

4) инфрақұрылымдық ресурстарды салу және кейіннен оларға пайдалану қызметін көрсету, арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына қызмет көрсету;

5) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларымен, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыруға жіберілген өзге де жеке және заңды тұлғалармен шарттарды жасасу және оларды бұзу;

6) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына қайшы келмейтін өзге де шаруашылық қызметті жүргізу жатады[4].

Арнайы экономикалық аймақты құрудың мақсаттары мен міндеттерінен мемлекет бірқатар макроэкономикалық реттеулерді пайдалана отырып, арнайы экономикалық аймақтың ішкі экономикалық ортасын қалыптастырады, ол белгілі дәрежеде жалпы ұлттық тәуелсіз болып табылады. Бұл тәуелсіздік арнайы экономикалық аймақтың мақсатты қызметтерінің ерекшелігін алдын ала шамалайтын арнайы экономикалық және ұйымдастыру шаралар жүйесімен қамтамасыз етіледі. Арнайы экономикалық аймақты басқару механизмі шетелдік капиталдың келуі үшін тартымды жағдайлар жасауға және халықаралық талаптар деңгейіне ұлттық және шетелдік резиденттердің жұмыс істеу жағдайының барынша жақындауын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасауынан тұрады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы «29» желтоқсандағы № 887 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2017 – 2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары»
2. <http://www.invest.gov.kz>
3. <http://www.mid.gov.kz>
4. Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылғы 21 шілдедегі № 469-IV Заңы

ОӘЖ 336.221.4

#### **САЛЫҚ САЛУДЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Жұмабай Берік Серікұлы**

*Beka960203@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Ғ.Е. Керімбек

Ежелден бері қазақ халқынан хандар, феодалдар, бай адамдар салықтардың көптеген түрлерін жинап отырды. Мысалы, қазақ халқының хандарының бірі Кенесары ханның салық саясатын алуға болады. Хандықтың қаржы мекемесі алым-салық жинаумен және керуендерден салық алумен айналысқан. Бұл мекемені Кенесары ханның туысы Сейілхан басқарды. Өзінің бір хатында Кенесары хан былай деп жазды: «Рахымбай, Қожабай, Шағзада молда Арғынбайды және Бұхар иелігіндегі барлық көпестерді ескертемін, зекет жинау үшін сұлтан Сейілханды, Шоқпар биді және молда Ғабдулсаттарды жіберіп отырмын, сіздер әр қостың оннан бір бөлігін беруге тиіссіздер». Кенесары ханның салық жинау саясатындағы